	<p>№2 $a_1 = 10$ $d = 8$ $a_{21} = ?$</p> <p>Дескриптор: Арифметикалық прогрессияны ажыратады. Арифметикалық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласын қолданады. Есептеуді дұрыс орындайды.</p> <p>Сабақты қорытындылау. Интерактивті тақта арқылы «Семантикалық карта» әдісі бойынша тапсырма беріледі.</p> <table border="1" data-bbox="300 667 671 943"> <thead> <tr> <th></th> <th>70</th> <th>64</th> <th>4</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>$a_1 = -6$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$a_2 = 8$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$a_6 = ?$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$a_{21} = -88$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$a_{22} = -84$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$d = ?$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$a_1 = 10$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$a_8 = 38$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>$a_{16} = ?$</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Рефлексия</p>		70	64	4	$a_1 = -6$				$a_2 = 8$				$a_6 = ?$				$a_{21} = -88$				$a_{22} = -84$				$d = ?$				$a_1 = 10$				$a_8 = 38$				$a_{16} = ?$				<p>Берілген тапсырманы әр оқушы өз беттерімен орындайды, дұрыс жауабы арқылы өздерін бағалайды.</p>	<p>«Күлегештер әдісі» арқылы өзін-өзі бағалау.</p>	<p>Смайликтер</p>
	70	64	4																																									
$a_1 = -6$																																												
$a_2 = 8$																																												
$a_6 = ?$																																												
$a_{21} = -88$																																												
$a_{22} = -84$																																												
$d = ?$																																												
$a_1 = 10$																																												
$a_8 = 38$																																												
$a_{16} = ?$																																												
<p>Сабақтың соңы.</p> <p>5 мин</p> <p>Кері байланыс</p>	<p>Оқушыларға кері байланыс парағын ұсынамын.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мен білдім. ... 2. Мен үйрендім. ... 3. Маған ұнады ... 4. Мен үшін қиын болғаны... 5. Менің көңіл-күйім...  <p>Үй тапсырмасы беру Оқулықтағы №3.36, №3.37 есептер</p> <p>Бағалау Оқушылардың жұлдызшаларын санау арқылы бағалаймын.</p>	<p>Оқушылар стикерлерін тактадағы берілген суретке жапсыру арқылы жаңа тақырыпқа кері байланыс жасайды.</p> <p>Үй тапсырмасын белгілеп алады.</p>		<p>Кері байланыс парақшалары, Стикерлер.</p> <p>Оқулық Алматы «Атамұра» 2019ж 83 бет №3.36, №3.38 есептер.</p>																																								



ГҮЛЖАН БҮРКІТБАЕВА,
Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің
математика пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы

ОҚУШЫЛАРҒА КӨБЕЙТУ КЕСТЕСІН ЖАТТАТУДЫҢ ОҢАЙ ЖОЛЫ

Математикаға кіріспе көбейту кестесін жаттаудан басталатынын баршамыз білеміз. Оны жаттамаған оқушы математиканы оқып үйрене алмайды. Алайда, көбейту кестесін жаттаудың да оңай тәсілі бар. Мәселен, 9 санына байланысты көбейту кестесін оп-оңай жаттауға болады. Ол үшін әуелі, 9 санын 1-ге көбейтуден бастап 1-ден 9-ға дейінгі сандарды ретімен жоғарыдан төмен қарай жазып шығамыз.

Кейін дәл осылай 1-ден 9-ға дейінгі сандарды ретімен төменнен жоғары қарай жазып шығамыз. Міне, осылай дайын көбейту кестесі шыға келеді (төмендегі кесте).

1) $9 \times 1 \rightarrow 0$	2) $9 \times 1 \rightarrow 9$	$9 \times 1 = 09$
$9 \times 2 \rightarrow 1$	$9 \times 2 \rightarrow 8$	$9 \times 2 = 18$
$9 \times 3 \rightarrow 2$	$9 \times 3 \rightarrow 7$	$9 \times 3 = 27$
$9 \times 4 \rightarrow 3$	$9 \times 4 \rightarrow 6$	$9 \times 4 = 36$
$9 \times 5 \rightarrow 4$	$9 \times 5 \rightarrow 5$	$9 \times 5 = 45$
$9 \times 6 \rightarrow 5$	$9 \times 6 \rightarrow 4$	$9 \times 6 = 54$
$9 \times 7 \rightarrow 6$	$9 \times 7 \rightarrow 3$	$9 \times 7 = 63$
$9 \times 8 \rightarrow 7$	$9 \times 8 \rightarrow 2$	$9 \times 8 = 72$
$9 \times 9 \rightarrow 8$	$9 \times 9 \rightarrow 1$	$9 \times 9 = 81$
$9 \times 10 \rightarrow 9$	$9 \times 10 \rightarrow 0$	$9 \times 10 = 90$

Жалпы бұл тәсіл өте тез есептеуге мүмкіндік бергенімен, жазып отыруды талап етеді. Сондықтан бізге бұдан да ойланбастан шығарылатын тиімді әдіс керек. Сондай әдістердің бірі – саусақпен жылдам есептеу әдісі. Бұл тәсіл ең тиімді әрі қарапайым саналады. Мәселен, 9×7 болсын. Бұл қарапайым көбейтудің нәтижесі 63 екені баршаға белгілі. Енді осы нәтижені саусақпен көбейту арқылы тексерсек. Алдымен қолыңыздың саусақтарын 7-ші саусаққа дейін санап, сосын 7-ші саусақты бүгіңіз. Енді бүгілгенге дейінгі саусақтардың санына, кейін бүгілгеннен кейінгі саусақтардың санына назар аударыңыз. Сонда бүгілген саусаққа дейінгі саусақтар саны шығатын мәннің ондық үлесіне тең болса, бүгілгеннен кейінгі саусақтар саны шығатын мәннің бірлігіне тең болады, яғни, $9 \times 7 = 63$ болады.

Енді тағы бір мысал келтірейік: 9×10 болсын. Сонда бүгілген саусаққа дейінгі сандар 9-ды берсе, ал бүгілгеннен кейінгі саусақта бірлік саны жоқ. Бұндай жағдайда шығатын санның бірлік цифры 0-ге тең деп ұйғарылады. Міне, осылайша 1-ден 10-ға дейінгі сандардың нәтижесін оңай есептеуге болады.

Ескерту: бұл тәсіл тек 1-ден 10-ға дейінгі сандар үшін ғана орындалады.

Егер байқаған болсаңыз, жоғарыдағы екі тәсіл де 9-ға байланысты орындалып жатыр. Ал оны өзгертетін болсақ, бұндай керемет жағдай орындалмас еді.

Көбейту кестесін оңай жаттаудың келесі бір оңай әдісі – Л. Н. Толстой ұсынған. Орыстың ұлы жазушысы саналған Л. Н. Толстой орыс мектебінде бастауыш сынып оқушыларына сабақ бергені бәрімізге белгілі. Ол өз шәкірттеріне көбейтудің мынадай әдісін ұсынған: әуелі көбейту кестесіндегі 1-ден 5-ке дейінгі амалдарды жаттатып, 6-дан 9-ға дейінгі сандардың көбейтіндісін саусақтың көмегімен жүргізді.

Бұл әдіс бойынша әрбір көбейткіштен 5 санын алып тастап, қалдықтарды екі қолдың саусақтарын бүге отырып, шығарып алды да, осы бүгілген саусақтарды қосады. Бұл – көбейтіндідегі ондықтар саны. Енді бізге бірліктер санын табу керек. Ол үшін қалған екі қолдың бүгілмеген саусақтарын өзара көбейтіп, ондықтарға қосу керек. Мысалы: 9 және 7 сандарын көбейту керек болсын. Әр көбейткіштен 5-ті шегерсек, 2 және 4 саны шығады. Бір қолда 2 саусақ, басқасында 4 саусақ бүгіледі. Олардың қосындысы – 6, бұл ондықтар. Қалған бүгілмеген саусақтар өзара көбейтіледі: $1 \cdot 3 = 3$. Олай болса, көбейтінді $9 \cdot 7 = 63$ -ке тең.

Саусақпен жылдам көбейту әдісі. Саусақтарды бүгіп санау ерте заманда кең қолданылып келді. Адамның саусақтары мен олардың буындары, сондай-ақ саусақтарын бүгу және жазу, қолдарын бүгу мен жазу олардың ондаған және жүздеген мыңға дейін санай алуына ғана емес, сол сияқты кейбір арифметикалық амалдарды орындауына да мүмкіндік берді. Мысалы, ежелгі римдіктер 5 пен 10 сандарының арасындағы сандарды саусақпен былайша көбейткен. Айталық, 6-ны 7-ге көбейту керек болсын. Сол қолымыздың жұдырығын жазбастан, бір-бірлеп саусағымызды жаза отырып, 6-ға дейін санаймыз. Ал оң қолымыздың саусақтарымен дәл соны қайталап, 7-ге дейін санаймыз. Оң қолдың жазылған екі саусағын сол қолдың жазылған бір саусағынан үстіне саламыз. Жазылған саусақ небәрі 3-еу болады, бұл – 3 ондық, яғни, 30 болады. Қалған төртеуі (сол қолдың бүгілулі тұрған саусақтары) 3-ке (оң қолдың бүгілулі саусақтарына) көбейтіледі, сонда 12 шығады. Сөйтіп, $6 \cdot 7 = 42$ мәнін аламыз.

Осылайша:

$$6 \cdot 8 = (1+3) \cdot 10 + 4 \cdot 2 = 48 \quad 6 \cdot 9 = (1+4) \cdot 10 + 4 \cdot 1 = 54$$

$$7 \cdot 7 = (2+2) \cdot 10 + 3 \cdot 3 = 49 \quad 7 \cdot 8 = (2+3) \cdot 10 + 3 \cdot 2 = 56$$

$$7 \cdot 9 = (2+4) \cdot 10 + 3 \cdot 1 = 63 \quad 8 \cdot 8 = (3+3) \cdot 10 + 2 \cdot 2 = 64$$

$$8 \cdot 9 = (3+4) \cdot 10 + 2 \cdot 1 = 72 \quad 9 \cdot 9 = (4+4) \cdot 10 + 1 \cdot 1 = 81$$

жылдам есептеуге болады.

Ескерту: • белгісі көбейту амалын білдіреді.



ПЕРИЗАТ ДАНАБАЙ,



Б. Шалғынбаев атындағы №217 ІТ-мектеп-лицейінің

математика пәні мұғалімі

Қызылорда қаласы

ОНДЫҚ БӨЛШЕКТІ НАТУРАЛ САНҒА КӨБЕЙТУ. ОНДЫҚ БӨЛШЕКТЕРДІ КӨБЕЙТУ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау;			
Сабақтың мақсаты:	Ондық бөлшекті натурал санға көбейтуді орындайды; Ондық бөлшекті ондық бөлшекке көбейтуді орындайды;			
Бағалау критерийі:	Ондық бөлшекті натурал санға көбейте алады; Ондық бөлшекті ондық бөлшекке көбейте алады;			
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру 3 мин	Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, ондық бөлшектің бөлшек бөлігінің разряды бойынша 4 топқа бөлу	Топтарға бөлінеді және ондық бөлшектерді оқиды. «Ондық үлес» тобы: 2,5; 37,9; 0,1; 107,4; 8,8; 9,3 «Жүздік үлес» тобы: 1,39; 36,04; 103,15; 5,78; 46,99; 237,09; «Мыңдық үлес» тобы: 0,136; 8,234; 267,267; 0,003; 181,105; 82,022; «Он мыңдық үлес» тобы 307,3078; 0,0809; 200,7001; 9,8007; 0,0093; 21,0614	Бағалау «Күннің шуағы» Әрбір дұрыс құрылған топқа екі күннің шуағы беріледі.	Топ аттары, топқа бөлуге арналған кима қағаздар, интерактивті тақта
Үй тапсырмасы 5 мин	Үй тапсырмасын Plickers платформасы арқылы тексереді. Әрбір оқушыға штрих – код қағаздары беріледі.	Штрих – код қағаздарын пайдаланып, үй тапсырмасын тексереді	Әрбір топқа екі күн шуағы беріледі	https://www.plickers.com/set/619

				c5b7a3330f5001164ab62 интерактивті тақта, штрих – код қағаздары, дәптер
Өткен сабақты қайталау 5 мин	<p>Жұптық жұмыс</p> <p>Оқушыларға «Дұрыс / дұрыс емес» графикалық диктанты беріледі. Ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін (Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар (кекештену) бала) : тапсырманы өз деңгейінде жұбымен бірге орындайды. Жұптық жұмысты тексеру барысында сұраққа жауап беруге ықпал жасаймын. Егер оқушы ауызша жауап бергісі келмесе, онда одан жазбаша жауап беруді сұраймын.</p> <p>«Дұрыс / дұрыс емес» графикалық диктанты</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аралас сандар мен оған тең ондық бөлшектер бірдей оқылады. 2. Ондық бөлшекті жай бөлшек түрінде жазу үшін бөлшектің бүтін бөлігі өзгеріссіз қалдырып, алымына үтірден кейін тұрған сан жазылады. 3. Ондық бөлшектің біреуі координаталық сәуледе екіншісінің сол жағында орналасса, онда ол үлкен, ал оң жағында орналасса, кіші болады. 4. Егер ондық бөлшектердің бүтін бөліктері әртүрлі болса, онда бүтін бөлігі үлкен ондық бөлшек үлкен, ал бүтін бөлігі кіші ондық бөлшек кіші болады. 5. Натурал сандар мен жай бөлшектер үшін қарастырылған қосу мен азайтудың барлық қасиеттері ондық бөлшектер үшін орындалмайды. 6. Ондық бөлшекті натурал санға көбейткенде ондық бөлшекте үтірден кейін неше цифр тұрса, шыққан нәтижеде сонша цифрды сол жақтан үтірмен айырып бөлу керек. 7. Ондық бөлшектерді көбейткенде шыққан нәтиженің оң жағынан, екі көбейткіштің үтірден кейін қанша цифры болса, сонша орыннан кейін үтір айыру қажет. 8. 9. Ондық бөлшектің соңына нөлді тіркеп жазғаннан бөлшек өзгермейді. 10. 	<p>Оқушылар «Дұрыс / дұрыс емес» графикалық диктантын жұппен орындайды.</p> <p>Дұрыс сөйлемге «Л» белгіні, дұрыс емес сөйлемге «_» белгіні қояды.</p> <p>Тексеру барысында дұрыс емес деп анықталған сөйлемдерге түсініктеме береді.</p> <p>Жауабы:</p> <p style="text-align: center;">Л _ _ Л _ _ Л _ _</p>	Әрбір дұрыс жауап берген жұпқа бір күн шуағы беріледі	Жұптық жұмысқа арналған таратпа қағаздар, интерактивті тақта
Алған білімді бекіту 15 мин	<p>Топтық жұмыс</p> <p>Оқушыларға «Тарсия пазлын» ұсынады</p> <p>Ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін: тапсырманы өз деңгейінде топпен бірге орындайды.</p> 	<p>Оқушылар ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуге берілген есептерді шығарып, жауаптарымен сәйкестендіру арқылы «Тарсия пазлын» құрастырады. Қиындық тудырған есептерді тақтада орындайды.</p>	Әрбір дұрыс құрастырған топқа бес күн шуағы беріледі.	Тарсия пазлдары, А3 парағы, интерактивті тақта

12 мин	<p>Жеке жұмыс</p> <p>Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы.</p> <p>Ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін: Қалыптастырушы бағалау тапсырмасымен бірге нұсқаулық ұсынамын.</p> <p>Ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін нұсқаулық:</p> <p>А деңгейі үшін:</p> <p>Үтірге назар аудармай, натурал сандарды көбейтуді орында;</p> <p>Ондық бөлшекте үтірден кейін қанша цифр тұрса, шыққан нәтижеде сонша цифрды оң жақтан үтірмен айырып жаз;</p> <p>В деңгейі үшін:</p> <p>Үтірге мән бермей, ондық бөлшектерді натурал сандар сияқты көбейт;</p> <p>Шыққан нәтиженің оң жағынан екі көбейткіштің үтірден қанша цифры болса, сонша орыннан кейін үтір айырып жаз;</p> <p>С деңгейі үшін:</p> <p>Есептің шартын мұқият оқы;</p> <p>Сандық өрнектерді құрастыр;</p> <p>Көбейту амалын орында;</p> <p>Есептің жауабын анықта;</p>	Қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындайды.	Өзара бағалау Топ ішінде жұмыстарын сағат тіліне қарама – қарсы бағытта ауыстырып, дайын жауаптар арқылы бір – бірін бағалайды.	Жеке жұмысқа арналған таратпа қағаздар
--------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------



АЙДАНА ӘБДІБЕК,
Ж. Кизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің
математика пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы

ЦИЛИНДРДІҢ ЖАЗБАСЫ, БҮЙІР ЖӘНЕ ТОЛЫҚ БЕТІНІҢ АУДАНЫ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	11.3.5 - айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.1.11 - көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу;
Сабақтың мақсаты:	-Цилиндрдің элементтерін анықтайды -Цилиндрдің жазбасын салуды үйренеді -Цилиндрдің бүйір бетінің және толық бетінің аудан табу формуласымен танысады
Бағалау критерийі:	- Цилиндрдің элементтерін дұрыс анықтай алады - Тапсырмаларды шешуді цилиндрдің бүйір және толық бетінің ауданын табу формуласын дұрыс қолданады -Қолданбалы тапсырмаларды анализ жасайды, шешімін табады
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу, түсіну, қолдану

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу	Оқушылар астанамыз Нур-Сұлтан қаласында	Мұғалім оқушылардың	Слайд Топ аттары, стикерлер

5 мин	Үй тапсырмасын тексереді. «Миға шабуыл» әдісі арқылы слайдтағы суреттерден бүгінгі тақырыпты анықтау Оқушыларды төмендегідей 3 топқа: Цилиндр Шар Конус	орналасқан құрылыстар нысандарының арасынан стереометриялық фигуралардың атын атау сұралады. Қоршаған ортадан айналу денелеріне қатысты мысалдар келтіреді. Оқушылар тақтадағы стикердегі сөздер арқылы топқа бөлінеді	жауаптарын ауызша ынталандыру арқылы бағалайды	
Сабақтың ортасы Жаңа тақырыпты меңгеру 15 мин	Топтық жұмыс «Фишбоун» әдісі Топтарға берілген тапсырманы оқушылар оқулықтан қарап, топта талқылап, постерге негізгі ақпараттарды жазып қорғайды Ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін (көру қабілеті нашарлаған бала) :	Топтар тапсырмасы 1 топ: Цилиндр анықтамасы, элементтері 2 топ: Цилиндр өстік қимасы, жазбасы 3 топ: Цилиндр толық беті және бүйір беті формулалары Осы тақырыптар бойынша басқа топтарға сұрақтар дайындайды	Топтық жұмыс «Қар кесегі» әдісімен топтар бір-біріне сұрақ қою арқылы тексеріледі Жұптық жұмыс дұрыс жауабы экранмен тексеріледі	Оқулық Слайд Стикерлер Балық қаңқасымен плакат Қосымша 1 (жұптық жұмыс тапсырмалары)
10 мин	Топта қасындағы оқушылар көмегімен, солармен бірге тапсырманы өз деңгейінде орындайды Жұптық жұмыс «Дауыстап ойлау» әдісі Жұпта отырып берілген тапсырмаларды біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйіп, тапсырмаларды бірге орындайды Ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін: Жұпта қасындағы бала тапсырманы оқиды бірге талқылап, тапсырмаларды орындайды	Жұбымен бірге берілген тапсырманы орындайды, тапсырмалар дұрыс, дұрыс емес және есептер болып келеді.		
Бекіту тапсырмалары 10 мин	Жеке жұмыс Математикалық сауаттылық тапсырмасы Ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін: тапсырмалар үлкен шрифтта шығарып беріледі	Оқушылар жеке математикалық сауаттылық тапсырмаларын орындайды	Оқушылар бір-бірінің дәптерлерін алмастырып, тексереді. Дұрыс жауабы экраннан көрінеді	Қосымша 2 (Математикалық сауаттылық тапсырмасы)
Сабақтың соңы. 5 мин	Кері байланыс «Желпеуіш» әдісі арқылы Үйге тапсырма беріледі	А-4 түрлі түсті парақтарға желпеуіш жасалынып, оқушылар кезектеп өз ойларын жазады	Мұғалім оқушылардың жауаптарын ауызша ынталандыру арқылы бағалайды	Түрлі түсті парақтар
	Бағалау Оқушылар топтық жұмыс жасаудағы белсенділігімен, жұптық және жеке жұмыстағы тапсырмаларының нәтижесімен бағаланады.			



АРАЙЛЫМ БИЖАНОВА,
№ 189 орта мектептің математика пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы


АРАЛАС САНДАРДЫ АЗАЙТУ

Сабақ мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.2.20 аралас сандарды азайтуды орындау;	
Сабақ мақсаттары	Аралас сандарды ажырата алады; Аралас санды бүтін бөлігі және керісінше, бөлшек бөлігінің қосындысы түрінде жаза алады; Аралас сандарды азайтуды біледі.	
Бағалау критерийлері	<i>Оқушылар:</i> Бөлімдері бірдей аралас сандарды азайтуды біледі. Бөлімдері әртүрлі аралас сандарды азайтуды біледі. Натурал саннан аралас санды азайтуды біледі. Аралас саннан натурал санды азайтуды біледі.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: натурал сан, бөлімдері бірдей аралас сан, бөлімдері әр түрлі аралас сандар, аралас сандардың бүтін бөлігі, аралас сандардың бөлшек бөліктері, Диалог пен жазу үшін қолданылатын негізгі терминдермен сөз тіркестері: - бөлімдері бірдей аралас санның айырмасын табу үшін. ... - бөлімдері әртүрлі аралас санның айырмасын табу үшін. ... - натурал санды аралас сан түрінде жазу үшін. ... - аралас санды натурал саннан үшін. ... - натурал саннан аралас санды азайту үшін. ...	
Құндылықтарды дарыту	Бір-бірінің ойларын бағалау, жауапкершілікті сезіну, өзара сыйластық, командада жұмыс. Құндылықтарды дарыту жұптық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады.	
Пәнаралық байланыстар	Қазақ тілі, өзін өзі тану,	
Бастапқы білім	Жай бөлшектерді қосу және азайту, аралас санды қосу.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы «Миға шабуыл» стратегиясы 10 минут	1) Ұйымдастыру кезеңі. - оқушылармен амандасу; - жоқ оқушыларды белгілеу; - сынып тазалығын қадағалау; Үйге берілген тапсырманы әр топқа шешімі жазылған парақтар беріледі сол арқылы оқушылар тапсырманың дұрыстығын тексеремін. №463 $4) 5\frac{7}{20} + 20\frac{4}{15} + 12\frac{11}{60} = 37 + \frac{21+16+11}{60} = 37\frac{48}{60}$ $5) 5\frac{2}{5} + 19\frac{9}{10} + 4\frac{33}{50} = 28 + \frac{20+45+33}{50} = 28 + \frac{98}{50} = 28 + 1\frac{48}{50} = 29\frac{48}{50}$	Қосымша 1

$$6) 31\frac{7}{9} + 4\frac{11}{27} + 35\frac{43}{54} = 70 + \frac{42+22+43}{54} = 70 + \frac{107}{54} = 70 + 1\frac{53}{54} = 71\frac{53}{54}$$

ҚБ: өзін-өзі бағалау

Өтілген материалдарды еске түсіру мақсатында «Миға шабуыл»



Берілген сурет бойынша аралас сандарды оқиды.

Сабақты бастауға арналған идеялар:

Әдіс түрі: «Суретке қарап сөз құру» әдісі бойынша тақырыпты болжайды. Аралас сандар жазылған сурет тақтаға ілінеді. Осы суреттегі сандармен таныса отырып, ерекшелігін түсінеді.

Сұрақ: Бұл сандарды көргенде қандай ой келді?

Көрсетілген сандарға байланысты оқушылар жаңа сабақтың тақырыбын болжап айтады.

ҚБ: «Мадақтау»

Жаңа тақырыпты меңгеру.

Бөлімдері бірдей аралас сандарды азайту.

Бөлімдері бірдей аралас сандарды азайту үшін:

1) олардың бүтін бөліктерінің айырмасын, бөлшек бөліктерінің айырмасын табу керек;

2) бүтін бөліктерінің айырмасы мен бөлшек бөліктерінің айырмасының қосындысын аралас сан түрінде жазу керек.

$$4\frac{4}{5} - 2\frac{3}{5} = \left(4 + \frac{4}{5}\right) - \left(2 + \frac{3}{5}\right) = (4 - 2) + \left(\frac{4}{5} - \frac{3}{5}\right) = 2 + \frac{1}{5} = 2\frac{1}{5}$$

Бөлімдері әртүрлі аралас сандарды азайту.

Бөлімдері әртүрлі аралас сандарды азайту үшін:

1) Аралас сандардың бөлшек бөлімдерін ең кіші ортақ бөлімге келтіру керек;

2) бөлімдері бірдей аралас сандарды азайту керек.

$$5\frac{3}{4} - 4\frac{1}{3} = 5\frac{9}{12} - 4\frac{4}{12} = (5 - 4) + \left(\frac{9}{12} - \frac{4}{12}\right) = 1 + \frac{5}{12} = 1\frac{5}{12}$$

НЕМЕСЕ:

$$5\frac{3}{4} - 4\frac{1}{3} = 1\frac{9-4}{12} = 1\frac{5}{12}$$

Натурал саннан аралас санды азайту.

Натурал саннан аралас санды азайту үшін, натурал санды аралас сан түрінде жазу керек.

$$4 - 2\frac{3}{5} = 3\frac{5}{5} - 2\frac{3}{5} = (3 - 2) + \left(\frac{5}{5} - \frac{3}{5}\right) = 1 + \frac{2}{5} = 1\frac{2}{5}$$

НЕМЕСЕ:

$$4 - 2\frac{3}{5} = 3\frac{5}{5} - 2\frac{3}{5} = 1\frac{5-3}{5} = 1\frac{2}{5}$$

Аралас саннан натурал санды азайту.

Аралас саннан натурал санды азайтқанда, аралас санның бүтін бөлігінен натурал сан азайтылып, бөлшек бөлігі тіркеліп жазылады.

$$5\frac{1}{3} - 2 = (5 - 2) + \frac{1}{3} = 3\frac{1}{3}$$

Сабақтың
ортасы
25 минут

Қосымша 2

$$\text{НЕМЕСЕ: } 5\frac{1}{3} - 2 = 3\frac{1}{3}$$

Деңгейлік тапсырмалар орындау. Жеке жұмыс.

Тапсырма	Шешімі	Балл
$8\frac{4}{13} - 8 =$	$\frac{4}{13}$	1балл
$15\frac{19}{13} - 10 =$	$5\frac{19}{13}$	1балл
$7\frac{1}{3} - 2\frac{1}{9} =$	$5\frac{2}{9}$	1балл
$88 - 75\frac{3}{11} =$	$12\frac{8}{11}$	1балл

Дескриптор:

- Бөлімдері әртүрлі аралас сандарды азайтуды біледі.
- Натурал саннан аралас санды азайтуды біледі.
- Аралас саннан натурал санды азайтуды біледі.

1балл-«2»

2балл-«3»

3балл-«4»

4балл- «5»

ҚБ: «Өзін-өзі бағалау»

Сергіту сәті.

«Дұрыс, бұрыс» жаттығуы.

Мұғалім оқушыларға дұрыс бөлшекті айтқан кезде оқушылар қолдарын жоғары көтереді, бұрыс бөлшекте алдына созады, аралас сан болғанда аяқтарымен тарсылдатады.

Жұптық жұмыс

Оқулықпен жұмыс №479 (1;3;5) . Оқулықтан есептер шығарып, жұппен талқылайды, топта бөліседі.

«**Ойлан, жұптас, бөліс**» әдісі арқылы оқушылар алдымен өз бетінше ойланып, сосын жұптасып орындайды.

$$1) 5\frac{4}{7} - 5 = \left(5 + \frac{4}{7}\right) - 5 = (5 - 5) + \frac{4}{7} = 0 + \frac{4}{7} = \frac{4}{7}$$

$$3) 27\frac{6}{53} - 19 = \left(27 + \frac{6}{53}\right) - 19 = (27 - 19) + \frac{6}{53} = 8\frac{6}{53}$$

$$5) 141\frac{89}{25} - 84 = \left(141 + \frac{89}{25}\right) - 84 = (141 - 84) + \frac{89}{25} = 57\frac{89}{25}$$

Тапсырманы әр топтың екі жұбынан жауаптарын сұрау арқылы тексереміз.

Дескриптор:

- Аралас саннан натурал санды азайтуды біледі.

ҚБ: «Смайлик арқылы» бағалау

Үйге тапсырма: №479 (2;4;6)

Кері байланыс. «Сенім ағашы».

Жемістерге есімдерін жазады. «Тақырыпты меңгердім» деген оқушылар сабақ басында берілген алмаларын ағаштың жоғарғы жағына орналастырады, ал «сабақты дұрыс түсінбедім» өзіне сенімсіз оқушылар ағаштың төмен жағына орналастырады.

Қосымша 3

Оқулық
Математика,
5сынып





ҚАЛДЫБЕК СИСЕНОВ,

Б. Шалғынбаев атындағы №217 IT-мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы

8.4А БӨЛІМ: ТЕҢСІЗДІКТЕР

Сабақтың мазмұны:							
Квадрат, рационал теңсіздіктерді, олардың жүйелері және жиынтығын шеше алу логарифмдік, көрсеткіштік, иррационалдық және басқа теңсіздіктерді шешу үшін негіз болып табылады; және де функцияларды таңба тұрақтылыққа зерттеген кезде қажет							
Пән бойынша оқу мақсаты: Оқушылар: - квадрат және рационал теңсіздіктердің анықтамаларын біледі; - квадрат теңсіздікті, модуль таңбасы бар өрнектегі теңсіздікті, рационал теңсіздікті шешеді, соның ішінде интервалдар әдісімен; - екі теңсіздіктен тұратын жүйелерді және жиынтықтарды шешеді; облысын табады.		Пән бойынша лексика мен терминология - квадрат теңсіздік; - теңсіздікті шешу; - теңсіздіктер жиынтығы, теңсіздіктер жиынтығын шешу; - функцияның нөлдері, таңба тұрақтылық аралықтары; - теңсіздіктер шешімдерінің қиылысуы және бірігуі; - интервалдар әдісі			Қысқаша шолу Оқушылар квадрат теңсіздіктерді графиктік тәсілмен және аралықтар әдісі арқылы есептер шығарады.		
№	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеттері	Оқушылардың жұмысқа қатысуын қамтамасыз ету	Бағалау	Ресурстар
1	Квадрат теңсіздік (Квадрат теңсіздікті графиктік тәсілмен шешу)	8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;	1. «Бағытталған оқу» стратегиясы: «Өкіл» әдісі (топтық жұмыс) Бірлескен оқу Мақсаты: квадрат теңсіздікті графиктік тәсілмен шешу алгоритмдерін топта оқып, талқылайды 2 «Мозайка» стратегиясы	1. Оқушылар әр бекеттегі берілген ақпараттармен танысып, өзара оқыту үдерісін жүргізеді. Оқушылар қажетті ақпаратты дәптерге жазып отырады 2. Оқушылар суретті құрастыру	1. Топтағы ҚЖ ҚТ оқушыларға ЖАДА аймағында көмек көрсету 2. ҚЖ оқушылары топқа сарапшы болады. Бағдаршам	ҚБ «Социометрия» әдісі арқылы тақырып төңірегінде білетін мәліметтерін шәкіл бойынша белгілеу (оқушылар шәкілді сабақ басында, соңында жүргізеді)	Алгебра. Қысқа мерзімді жоспарлар жинағы 8-сынып. Д. Кудас, Г. А. Сеиткулова, У. Н. Айтимова Алгебра 8-сынып Шыныбеков Ә. Н

			<p>Мақсаты: Квадрат теңсіздікті графиктік тәсілмен шешу алгоритмін жазу</p> <p>3. «Геогebra бағдарламасы» Мақсаты: АКТ мүмкіндіктерін пайдаланып, квадраттық теңсіздіктердің графиктерін сызып, шешімін табу</p>	<p>арқылы квадрат теңсіздікті графиктік тәсілмен шешу алгоритмін жазады.</p> <p>3. Оқушылар геогebra бағдарламасымен квадраттық теңсіздіктің шешімін табады.</p>	<p>түсі арқылы бағалау жүргізеді.</p>		
7 модульдің кіріктірілуі			М6, М7, М5, М1А, М1В, М2				
2	<p>Квадрат теңсіздік (Квадрат теңсіздікті графиктік тәсілмен шешу)</p>	8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;	<p>1. «Веер» әдісі. ЖЖ Мақсаты: Тақырыптық түсіну деңгейін арттыру, дұрыс есепті құру және шешу</p> <p>2. «Жобалар сайысы» әдісі Мақсаты: Есептерді топта шығарып, қорғау</p> <p>3. Жеке жұмыс ҚБ Мақсаты: Ойлау дағдыларының деңгейін анықтау үшін</p>	<p>1. Оқушылар жұптық жұмыста бір оқушы есеп құрастырса, екінші оқушы сол есепті шешеді.</p> <p>2. Берілген есепті топта шығарады, топтар есептерін түсіндіреді</p> <p>3. Дескрипторлар арқылы оқушылар жеке жұмыс орындайды</p>	<p>1. Жұпқа оқушылардың деңгейіне қарай саралап отырғызу</p> <p>2. «Сәйкестендіру» тесті ҚЖ</p>	<p>ҚБ, Мұғалімнің ауызша бағалауы (ынталандыру, мадақтау)</p> <p>«Бас бармақ» арқылы бағалау</p>	<p>Алгебра. Қысқа мерзімді жоспарлар жинағы 8-сынып. Д. Кудас, Г. А. Сеиткулова, У. Н. Айтимова</p> <p>Алгебра 8-сынып Шыныбеков Ә. Н</p>
7 модульдің кіріктірілуі			М1А, М2, М5, М3				
3	<p>Квадрат теңсіздік (Квадрат теңсіздікті аралықтар әдісімен шешу)</p>	8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;	<p>1. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі. ТЖ Мақсаты: Квадрат теңсіздікті аралықтар әдісімен шешу алгоритмімен таныстыру</p> <p>2. «Домино ойыны» әдісі Мақсаты: Әр жұпқа домино таратылады, квадрат</p>	<p>Оқушылар топта квадрат теңсіздікті аралықтар әдісімен шешу алгоритмімен танысады</p> <p>2. ЖЖ. Квадрат теңсіздіктерді шешу арқылы</p>	<p>ҚТ Қажет мәліметтерді дәптерге түсіреді</p>	<p>«Кір жаю» Оқушылар тақырып төңірегінде өздерінің білімдерін бағалайды.</p> <p>Өзара бағалау</p>	<p>Алгебра. Қысқа мерзімді жоспарлар жинағы 8-сынып. Д. Кудас, Г. А. Сеиткулова, У. Н. Айтимова</p> <p>Алгебра 8-сынып Шыныбеков Ә. Н</p>

			теңсіздіктердің шешіміне қарай орналастыру	доминоның барлық жағын сейкестендіреді.			
7 модульдің кіріктірілуі			M1B, M2, M3				
4	Квадрат теңсіздік (Квадрат теңсіздікті аралықтаp әдісімен шешу)	8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;	<p>1. «Миға шабуыл» әдісі Мақсаты: Тақырыпты ашу үшін топта мәселе есеп шығару</p> <p>2. «Крестик-нолик» ойыны Мақсаты: Оқушылар жұпта жылдам есеп шығару.</p> <p>3. Жеке жұмыс Мақсаты: Ойлау дағдыларының деңгейін анықтау үшін</p>	<p>1. Оқушылар топта мәселе есепті қарастырады.</p> <p>2. Әрбір жұпқа артында есептің нөмірі, ал алдында тапсырма жазылған корточкалар дағы есептерді шығарады</p> <p>3. Оқушылар өз қалаулары бойынша жасыл, сары, қызыл түсті корточкалар дағы деңгейлік тапсырмаларды орындайды.</p>	<p>1. Проблемалы сұрақтарға жауап іздеу. Интернет ресурстарын пайдалану ҚЖ</p> <p>2. ҚТ Жеке тапсырма (жеңіл есептер)</p>	<p>Бас бармақ арқылы</p> <p>Екі жұлдыз, бір ұсыныс</p> <p>Өзін-өзі бағалау</p> <p>Бағалау критерийлері бойынша</p>	<p>Алгебра. Қысқа мерзімді жоспарлар жинағы 8-сынып. Д. Кудас, Г. А. Сеиткулова, У. Н. Айтимова</p> <p>Алгебра 8-сынып Шыныбеков Ә. Н</p>
7 модульдің кіріктірілуі			M3, M2, M1B				

Қысқартылған сөздер:

M1A-1 - модуль. Қалай оқу керектігін үйрету

M1B –1- модуль. Диалог арқылы оқыту

M2 – 2-модуль. Сын тұрғысынан ойлау.

M3 – 3-модуль. Оқу үшін бағалау, оқудағы бағалау.

M4 – Жас ерекшеліктеріне сай оқыту және оқу

M5 – Талантты және дарында балаларды оқыту.

M6 – Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

M7 - Оқытудағы басқару және көшбасшылық

ҚБ-қалыптастырушы бағалау

ТЖ-топтық жұмыс

ЖЖ-жұптық жұмыс

ҚЖ-Қабілеті жоғары

ҚТ-Қабілеті төмен




ИНДИРА РЫСБЕКОВА,
С. Лапин атындағы №261 мектептің
математика - информатика пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы

СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ: АРИФМЕТИКАЛЫҚ ОРТА, МОДА, МЕДИАНА, ҚҰЛАШ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.4.3.1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу;
Сабақтың мақсаты:	арифметикалық орта, сандық деректер қатарының құлашы, медианасы, модасы ұғымдарын біледі; арифметикалық ортаны табады; сандық деректер қатарының құлашын, медианасын, модасын табады.
Бағалау критерийі:	арифметикалық орта, сандық деректер қатарының құлашы, медианасы, модасы ұғымдарын біледі; арифметикалық ортаны таба алады; - сандық деректер қатарының құлашын, медианасын, модасын таба алады.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну, қолдану

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	<p>I. Ұйымдастыру Сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа назарын аудару Психологиялық ахуал туғызу. Шаттық шеңберін құрып, Оқушылар бір-біріне жылы лебіздер айтып, бір-біріне сәттілік тілейді. Оқушыларды «Атом – молекула» ойыны арқылы топқа бөлу. Сыныптағы 24 оқушыны 6 оқушыдан 4 топқа бөлемін.</p> <p>II. Қайталау сұрақтары: «Ой қозғау» Ерекше білімді қажет ететін оқушы (түрлерін ажырата алады анықтамасын біледі, есептер шығаруда қолдана алады.)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Арифметикалық орта дегеніміз не? 2. Орташа жылдамдық формуласы 3. Мода дегеніміз не? 4. Медиана дегеніміз не? 5. Берілген сан қатарының ең үлкен мәннен ең кіші мәнді айырмасы? 	<p>Оқушылар: Бүгінгі сабаққа сәттілік тілеймін! Мерейің үстем болсын! т. б</p> <p>Оқушылар 4 топқа бөлінеді.</p> <p>Ерекше білімді қажет ететін оқушы (түрлерін ажырата алады анықтамасын біледі) (көру қабілеті төмен оқушы)</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Ерекше білімді қажет ететін оқушы (ауызша қойылған сұрақтарға жауап береді)</p>	<p>Мадақтау арқылы бағаланады -Жарайсың! -Керемет! -Жақсы! т. б</p>	Слайд

	6.5 пен 3 тің арифметикалық ортасы неге тең? 7.7 мен 5 тің арифметикалық ортасы неге тең?			
Сабақтың ортасы III. Топтық жұмыс 10 минут	III. Топтық жұмыс «Ойлан топтас, бөліс» (Ерекше білімді қажет ететін оқушыға үлкен шрифтпен жазылған тапсырма ұсынамын) I топ. Сандардың арифметикалық ортасын табыңдар: 1) 5, 7, 10, 12, 16. 2) . Сандар қатарының медианасын табыңдар: 1,9; 2,5; 2,6; 1,9;2,9; 2,8; 2,7 IIтоп. Сандардың арифметикалық ортасын табыңдар: 1) 14, 18, 17, 23 2) Сандардың өзгеру құлашын табыңдар: $3\frac{1}{5}; 2\frac{1}{8}; \frac{4}{5}; \frac{1}{5}$ III топ. Сандардың арифметикалық ортасын табыңдар: 1) 45, 58, 76, 81; 2) Сандардың модасын табыңдар: 6,1; 7,5; 7,5; 5,9; 6,3 IV топ. Сандардың арифметикалық ортасын табыңдар 1) 3, 6, 12, 10, 9 . 2) . Сандар қатарының медианасын табыңдар: 3,5; 2,6; 3,5; 1,3; 2,6; 3,5 IV. Жұптық жұмыс. Ойлан, жұптас, пікірлес (Функционалдық сауаттылық тапсырмасы) (Ерекше білімді қажет ететін оқушыға үлкен шрифтпен жазылған тапсырма ұсынамын) Айдананың арманы мәнерлеп сырғанау жарысынан Азия чемпионы атану. Мәнерлеп сырғанау жарысында төрешілер спортшылардың шеберлігін 0 -ден 10-ға дейінгі ұпаймен бағалады. Нәтижелері төмендегі кестеде берілген. Кесте бойынша Айдана орташа ұпайын анықтай ала ма? Айдана Азия чемпионы атана ала ма? Жауаптарыңды түсіндіріңдер	III. Топтық жұмыс Топ арасында өзара талқылау жасап, бір-бірінің қатесін түзетеді. Топтар тапсырманың шығарылу жолын плакатқа үлкен етіп жазады. (Ерекше білімді қажет ететін оқушыға басқа топтың тапсырмалары анық көрінуі қажет) I топ. 1) $\frac{5+7+10+12+16}{5} = \frac{50}{5} = 10$ 2) медианасы-2,6 IIтоп. 1) $\frac{14+18+17+23}{4} = \frac{72}{4} = 18$. 2) .III: $3\frac{1}{5} - \frac{1}{5} = 3$. III топ. 1) $\frac{45+58+76+81}{4} = \frac{260}{4} = 65$. 2) модасы-7,5 IV топ 1) 3, 6, 12, 10, 9 $\frac{3+6+12+10+9}{5} = \frac{40}{5} = 8$. 2) медианасы-3,5	Топтар бір-бірін «Екі жұлдыз бір тілек әдісімен» бағалайды  Iтоп -II топто II топ - III топто III топ - IV топто IV топ -I топто бағалайды.	Таратпа қағаздар 6-сынып Т. А. Алдамұратова
IV. Жұптық жұмыс 10 минут		Жұптар: Айдананың ұпайының арифметикалық ортасын табады. Айдана Азия чемпионы атана ала ма? сұрағына жауап беру үшін қалған спортшылардың да арифметикалық ортасын анықтайды.	Экрандағы дұрыс жауап арқылы жұптар (тапсырмаларын сағат тілінде алмастырып) бірін-бірі бағалайды Ерекше білімді қажет ететін оқушыға үлкен шрифтпен жазылған тапсырманың жауабын алдына ұсынамын.	Таратпа қағаздар Таратпа қағаздар

V. Жеке жұмыс 15минут	С по рт ш ы ла р	I тө ре ші	II тө ре ші	III тө ре ші	IV тө ре ші	V тө ре ші	Жауаптарын түсіндіреді (бір-екі жұп жауаптарын ауызша түсіндіреді)		6-сынып Т. А. Алдамұратова
	Ж ан на	6, 4	6, 9	7, 1	5, 4	5, 2			
	А не ль	6, 5	8, 0	5, 4	5, 0	7, 9			
	А йд ан а	8, 1	8, 5	6, 6	6, 5	5, 2			
<p>V. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы:</p> <p>Деңгейлік тапсырмалар: (Ерекше білімді қажет ететін оқушыға тапсырманы аудиотапсырма түрінде беремін (ұялы телефонынан құлаққаппен тыңдауға мүмкіндік жасаймын)) А деңгейі. Сатушы бір күнде 37 ертегі кітап, 120 оқулық, 24 сурет дәптерін, 9 географиялық атлас сатты. Тұтынушылар үшін қандай зат мода болды? Дескриптор: -сандардың модасын анықтайды В деңгейі. Бірнеше сатып алушылардың дүкенде сатып алған заттарының саны тіркелді. 5,4,3,7,4,8,6,3,3,12,1,3, . Тіркелген заттардың арифметикалық ортасын есептеңіз. Дескриптор: - арифметикалық ортаны табу өрнегін құрады; - сандардың арифметикалық ортасын табады;</p> <p>С деңгейі Наурыз айының бір күнінде ауаның температурасы таңертең, түсте, кешке және түнде өлшенді. Өлшеу нәтижелері бойынша сол күнгі ауаның тәуліктік температурасының арифметикалық ортасы - 6°С болды. Түстегі ауаның температурасына карағанда таңертең температура 3°С төмен, кешке температура 1°С төмен және түнде температура 4°С төмен болды Ауа температурасының тәулік ішіндегі: 1) өзгеру құлашын 2) медианасын табындар Дескриптор:</p>							Оқушылар тапсырманы өз мүмкіндік деңгейінде орындайды.	Жеке жұмыста алынған тапсырмаларды оқушылардың орындаған деңгейіне қарай балмен бағалаймын.	

	-Арифметикалық ортаны қолданып, теңдеу құру арқылы (таңертең, түсте, кешке, түнде) ауа температураларын анықтайды. - сандардың өзгеріс құлашын есептейді; - медианасын есептейді;			
Сабақтың соңы. 3 мин	Кері байланыс Бір минуттық эссе: не үйрендің? , не түсініксіз болды? ,қандай сұрағың бар? деген сұрақтарға жауап аламын. Үй тапсырмасы: Оқулықтағы №1232 есеп Жүзім егілген үш бақтың әрқайсысының ауданы 3 га-дан. Бірінші бақтан 18 ц, екінші бақтан 21ц, үшінші бақтан 15ц жүзім алынды.1 га жерден алынған жүзім өнімінің өзгеру құлашын табындар.	Оқушылар кері байланыс парағына: не үйренгенін, не түсінгенін, қандай сұрақтары бар екендігін жазады.		6-сынып Т. А. Алдамұратова



ЖАЗИРА ОНБАЕВА,

Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің
математика пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы

БҮТІН САНДАР. РАЦИОНАЛ САНДАР. (2- САҒАТЫ)

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)		6.1.1.8 рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу;		
Сабақ мақсаттары		Оқушылар: - рационал сандар ұғымын меңгере алады; - координаталық түзуде рационал сандарды кескіндей алады.		
Бағалау критерийі:		Білім алушы: - рационал сандар ұғымын меңгереді; - координаталық түзуде рационал сандарды кескіндейдеуді есептер шығаруда қолданды.		
Ойлау дағдыларының деңгейі:		білу, түсіну, қолдану		
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	І. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру. «Амандасу» жаттығуы	Оқушылар дөңгеленіп шаттық шеңберін құрып тұрады. Барлығы тақтаға қарайды.	Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік	Слайд тақта, қима қағаздар

<p>Ұйымдастыру кезені. 2 минут</p> <p>Өткенді Қайталау 3 минут</p>	<p>Қарым-қатынас амандасудан басталады. <i>Топқа бөлу. Натурал сан, қарама қарсы, бүтін сандар арқылы топқа бөлемін. Содан соң түстер бойынша бір топ болып отырады.</i></p> <p>1 топ –көк (10; -10; $3\frac{1}{2}$; $-3\frac{1}{2}$; $9,8$; $-9,8$) 2 топ –кызыл ($4,6$; $-4,6$; $5\frac{5}{9}$; $-5\frac{5}{9}$; 69; -69); 3 топ –жасыл (77; -77; $2\frac{5}{6}$; $-2\frac{5}{6}$; $9,9$; $-9,9$); 4 топ – сары (5; -5; $2,6$; $-2,6$; $10\frac{6}{7}$; $-10\frac{6}{7}$).</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру: «Мен саған, сен маған» әдісі арқылы тақтадағы тапсырманы дұрыс жауабымен тексереді. Қайталау сұрақтары: 1. Қай суретте координаталық түзу кескінделген? 2. -27 санына қарама-қарсы санның жұбын табыңыз? 3. Бүтін сандарды тап. 4. -4 және 5 сандарының арасында неше бүтін сан бар?</p>	<p>Егер тақтада күлкі бейнеленсе, онда бір-бірімізге күлімдей қараймыз. Қол бейнеленсе – қолымызды қысып амандасамыз. Күн бейнеленсе – жақсы ықыласпен сәлемдесеміз. Жүрек бейнеленсе – құшақтасамыз. -бұл әдіс арқылы бір-біріне тілек айтып, жақсы көңіл күй сыйлайды. -оқушыны бір-біріне жақындастырады, көңіл -күйін көтереді, бауырмалдығын оятады;</p> <p>-оқушылар бір-бірінің үй тапсырмасын тексереді.</p> <p>-оқушылар wordwall. net сайты колдануды меңгереді. -оқушылар wordwall. net сайты арқылы берілген сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы «Жарайсың!» Жақсы! Өте жақсы! Тамаша! Керемет!» сөздерін қолданып бағалайды.</p> <p>-балалар бірін-бірі бағалайды</p> <p>Оқушылар wordwall. net сайты арқылы берілген сұрақтардың бұрыс, бұрыстығын анықтайды; -ұжымдық жұмыста талқылайды. «Басбармақ» әдісі арқылы бағаланады</p>	<p>Слайд, жұмыс дәптері</p> <p><iframe style="max-width:100%; height:380px; border:0px solid black;" src="https://wordwall.net/embed/6de581abb99e49aab366d83bd20b8a8f?themeId=1&templateId=5&fontStackId=0" width="500" height="380" frameborder="0" allowfullscreen></iframe></p>
<p>Сабактың ортасы 15 минут</p> <p>12 минут</p> <p>10 минут</p>	<p>Топтық жұмыс: «Интерактивті» әдісі Оқушыларға тақырыпты ашу мақсатында 4 топқа 4 түрлі тапсырма беріледі: 1-топ натурал сандарды; 2 топ натурал сандарға қарама қарсы сандарды; 3-топқа оң және теріс бөлшектер; 4-топқа бүтін сандарды қорапқа салып енді осы 4 қораптағы сандардың бәрін бір қорапқа салғанда рационал сандар жиыны келіп шығатынын көрсетемін. Жұптық жұмыс «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі Деңгейлік тапсырмалар: А деңгей. №263. Координаталық түзу бойында: 1) $3,7$; 2) $-1,5$; 3) $-2\frac{1}{3}$; 4) $0,9$ саны қандай бүтін сандардың арасында орналасқан. В деңгей №269 Берілген рационал сандарды $\frac{m}{n}$ қатынасы түрінде жазындар: 6; $4,8$; $2\frac{1}{3}$; 1; 0; -8; $-7\frac{1}{5}$; $-9\frac{2}{3}$; Ұжымдық жұмыс wordwall. net программасы арқылы координаталық түздегі нүктелерді анықтауға тапсырма беріледі.</p>	<p>-оқушылар топтарда берілген сандарды дұрыс табуды орындайды; -қораптарға салады; -рационал сандардың жиынын анықтайды;</p> <p>-оқушылар жұптық жұмыста берілген есептерді талқылайды; -тақтаға орындайды;</p>	<p>Топ басшыға топтағы оқшыларды бағалу үшін бағалау парағы беріледі, бағалау парағы арқылы бағаланады.</p> <p>«Қағаз ақшамен» бағаланады</p> <p>оқушыларды «қағаз ақшалар» арқылы бағалаймын.</p>	<p>слайд, қима қағаздар, қораптар</p> <p>слайд, жұмыс дәптері, оқулық</p> <p>слайд, жұмыс дәптері, оқулық</p>

		Оқушылар интербелсенді тактадағы wordwall. net прогаммасы арқылы координаталық түзудегі нүктелерді анықтайды.		
Сабақтың соңы 3 мин	Сабақты бекіту Кері байланыс «Пікірлер қоржыны» Үйге тапсырма №264; №267 Бағалау		Оқушыларды бағаланған «қағаз ақшалардың» санымен бағалаймын.	Қоржын, қиынды қағаздар, оқулық





МОЛДИР АЛИМБЕТОВА,
№197 Әбу Құдабаев атындағы орта мектебінің
математика пәні мұғалімі, математика ғылымдарының магистрі
Қызылорда қаласы



ПИРАМИДАНЫҢ ЖАЗБАСЫ, БҮЙІР БЕТІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ БЕТІНІҢ АУДАНДАРЫ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	11.3.2 - пирамиданың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.1.11 - көпжақтар жазбаларын жасай алу;
Сабақтың мақсаты:	- пирамиданың бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығарады; - формулаларды есептер шығаруда қолданады; - көпжақтар жазбаларын жасай алады;
Бағалау критерийі:	- пирамиданың бүйір бетінің ауданын табады; - толық бетінің аудандарын табады; - көпжақтар жазбаларын жасайды;
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу, Түсіну, Қолдану

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ерекше беруді қажет ететін баланың іс-әрекеті Ерекше беру қажеттігі балалардың жеке ерекшеліктерін қажетке алу: 2-топ әлеуметтік жағдайы төмен (көп балалы отбасы, әкесі жұмыссыз, оқушылардың білімін жетілдіруге үйде жағдай қарастырылмаға)	Бағалау	Ресурстар
---------------------	-----------------------	---------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------	-----------

